

**"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12  
желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 427 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қазанда № 17608 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 бүйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.05.2020 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.  
РҚАО - ның ескертпесі!**

**Осы бүйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Ә. Шөкеев

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары – Қазақстан

Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлік

2018 жылғы 18 қазандагы

№ 427 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлік

2014 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 4-2/664 бұйрығымен

бекітілген

**Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары 1-тaraу.**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бірінші репродукция тұқымдарының нормасы (бұдан әрі – норма) – үшінші репродукциядан төмен емес тұқымдарды себуді аяқтау мақсатымен сорт жаңарту үшін қажетті ауыл шаруашылығы дақылдарының себу нормасын, тұқым өнімділігін және егіс алаңын ескере отырып, есептеу жолымен белгіленген, ауыл шаруашылығы дақылдарының бірінші репродукция тұқымдарының көлемі;

2) бірінші ұрпақ будандарының тұқымы – генетикалық айырмашылығы бар ата-енелік нысандар мен гетерозис нәтижесінде ең үздік ата-енелік нысаннан шығымдылығы немесе өзге де көрсеткіштері бойынша асып түсетін нысандарды будандастырудан алынған жүгері, қант қызылшасы, рапс, күнбағыс немесе мақта тұқымдары;

3) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімде қамтылған, субсидиялауға өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

4) көрсетілетін қызметтерді жеткізу – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікти дамыту басқармасы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

5) өтпелі өтінім – элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының (бұдан әрі – элиттұқымшар), тұқым өсіру шаруашылықтарының (бұдан әрі – тұқымшар) немесе тұқым өткізушиңің (бұдан әрі – өткізуши) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – ауылшартауарөндіруші) немесе ауыл шаруашылығы кооперативі (бұдан әрі – ауылшаркооперативі) арзандатылған құнмен сатып алған жүгері, қант қызылшасы, рапс, күнбағыс немесе мақтаның бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары (бұдан әрі – бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары), мақтаның бірінші және екінші репродукция тұқымы (бұдан әрі – мақта тұқымы) және (немесе) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттері (бұдан әрі – элиталық көшеттер) үшін субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімі;

6) өтінім – элиттұқымшардың, тұқымшардың, тұқым өткізушиңің босатылған норма бойынша элиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдары үшін, ауылшартауарөндіруші немесе ауылшаркооперативінің толық

құны бойынша сатып алғанған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары, мақта тұқымдары және (немесе) элиталық көшеттер үшін субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімі;

7) субсидияланатын тұқым – элиттұқымшар, тұқымшар немесе өткізуші ауылшартауарендердірушіге (ауылшаркооперативіне) босатқан норма бойынша элиталық тұқымдар немесе бірінші репродукция тұқымдары, ауылшартауарендердіруші (ауылшаркооперативі) элиттұқымшардан, тұқымшардан немесе өткізушиден сатып алған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары, мақта тұқымдары немесе элиталық көшеттер;

8) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроенеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

9) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидия алуға арналған өтінімді (өтпелі өтінімді) тіркеуге, сондай-ақ өтінімді (өтпелі өтінімді) субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оларды өндеге мүмкіндік беретін, субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

10) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне кіруге мүмкіндік беретін интернет-ресурс;

11) танаптың электрондық картасы – бұрылыш нұктелерінің координаталарын, соңғы екі жылдағы ауыспалы егіс туралы ақпаратты және жерді қашықтықтан зондтайтын спутниктерден алғанған деректерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығына мақсатындағы жер участкесінде орналасқан танап туралы ақпарат;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

3. Субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағалары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді және аудандар (республикалық және облыстық маңызы бар қалалар) бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары бөлінісіндегі есептемелерді және субсидияланатын тұқымдардың тиісті түрлеріне қалыптасып отырған нарықтық бағаларды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала) әкімінің, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адамның қолы

қойылған ілеспе хатпен тиісті жылдың 10 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) қарауға беріледі.

Бұл ретте, нормалардың осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген элиталық тұқымдар мен бірінші репродукция тұқымдарының ұсынылатын нормаларынан 2 еседен артық (көп немесе аз жағына) айырмашылығы болмауы тиіс және тиісті жылдың өніміне ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алаңдарының болжамды құрылымына сәйкес барлық ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша есептелуі тиіс.

4. Қарау оң нәтиже болған жағдайда, Министрлік субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын тиісті жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады.

Теріс нәтиже болған жағдайда, Министрлік мақұлдаудан уәжді бас тарта отырып, тиісті жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын жазбаша түрде кері қайтарады.

5. Пысықталған субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағалары облыс (респубикалық маңызы бар қала) әкімінің, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке тиісті жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей қайта қарастыруға беріледі.

Министрлік мақұлдаған субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларының бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей кері қайтарады.

6. Субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағалары облыстың (респубикалық маңызы бар қала) жергілікті атқарушы органдының қаулысымен (бұдан әрі – әкімдік қаулысы) бекітіледі.

Субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 3, 4 және 5-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) элиттұқымшардан, тұқымшардан немесе өткізушиден норма бойынша элиталық тұқымды және (немесе) бірінші репродукция тұқымын алады.

8. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645 қаулысымен айқындалған мамандандырылған үйыммен (бұдан әрі – мамандандырылған үйим) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған элиталық тұқым және (немесе) бірінші репродукция тұқым туралы шарт жасасады.

9. Басқарма субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде орналастырады.

10. Басқарма тұқым шаруашылығын субсидиялау бойынша жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны тиісті интернет-ресурста және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде орналастырады.

## **2-тарау. Субсидия алушылар**

11. Субсидиялар:

1) элиттұқымшарлардың (тұқымшарлардың, өткізушілердің) ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) нақты босатқан норма бойынша элиталық тұқымдардың және (немесе) бірінші репродукция тұқымдарының шығындарын толық өтеуге арналады;

2) ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) нақты сатып алған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына және (немесе) мақта тұқымдарына, сондай-ақ өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында немесе ағымдағы жылды сатып алған элиталық көшеттерге жұмсалған шығындарын ішінәра (50 %) өтеуге арналады.

## **3-тарау. Субсидиялар алу шарттары**

12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуши) нақты босатылған норма бойынша элиталық тұқымдарға және (немесе) бірінші репродукция тұқымдарына субсидия алуға өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берген жағдайда төленеді.

13. Осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) элиталық тұқым өсіру шаруашылығынан (тұқым өсіру шаруашылығынан, тұқым өткізушилерден) толық құны бойынша нақты сатып алған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары (мақтаның бірінші немесе екінші репродукция тұқымдары, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттері) үшін субсидиялар алуға өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берген жағдайда төленеді.

Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын, мақта тұқымдарын және (немесе) элиталық көшеттерді шарт негізінде элиттұқымшардан (тұқымшардан, өткізушиден) арзандатылған құнмен

сатып алған жағдайда, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша езіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы береді.

Мұндай жағдайда субсидия әліттүқымшарға (түқымшарға, өткізушиге) әліттүқымшар (түқымшар, өткізуши) өтпелі өтінімге құнтізбелік он бес қуннен кешіктірмей осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес нақты өткізілген бірінші үрпақ будандарының түқымдары, мақта түқымдары және (немесе) элиталық көшеттер жөніндегі мәліметтерді енгізген жағдайда төленеді.

Әліттүқымшар (түқымшар, өткізуши) өтпелі өтінімге нақты өткізілген бірінші үрпақ будандарының түқымдары, мақта түқымдары және (немесе) элиталық көшеттер жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде енгізбекен жағдайда ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта беруге құқылы.

14. "Электрондық үкімет" және субсидиялаудың ақпараттық жүйесі веб- порталының ақпараттық өзара іс-қимылы ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) әліттүқымшардың (түқымшардың, өткізушиң), ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) берген өтінімі (өтпелі өтінімі) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелгенде;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, әліттүқымшардың, түқымшардың, өткізушиң, ауылшартауарөндірушінің, ауылшаркооперативінің жеке шоты болғанда;

3) әліттүқымшардың (түқымшардың, өткізушиң) босатылған норма бойынша әлиталық түқымдарға және (немесе) бірінші репродукция түқымдарына және ауылшартауарөндірушілер және (немесе) ауылшаркооперативі сатып алған бірінші үрпақ будандарының түқымдарына, мақта түқымдарына және (немесе) әлиталық көшеттерге жұмсалған шығындары субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталғанда.

Бұл ретте субсидия алу үшін электрондық шот-фактураларды кері қайтаруға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) бірінші үрпақ будандарының түқымдарын, мақта түқымдарын және (немесе) әлиталық көшеттерді электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесін қолданбайтын өндірушілерден шетелдік бірінші үрпақ будандарының түқымдарын, мақта түқымдарын және (немесе) әлиталық көшеттерді тікелей сатып алған кезде бірінші үрпақ

будандарының тұқымдарын, мақта тұқымдарын және (немесе) элиталық көшеттерді сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларацияның (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден бірінші үрпақ будандарының тұқымдарын, мақта тұқымдарын және (немесе) элиталық көшеттерді сатып алған ауылшартауарендердірушілер (ауылшаркооперативі) үшін мәліметтерімен немесе мемлекеттік кірістер органы берген, тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінгенін растайтын құжаттың мәліметтерімен расталады;

4) ауылшартауарендердірушіде (ауылшаркооперативінде) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекері болғанда.

Ауылшаркооперативінде жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекері болмаған жағдайда, ауылшаркооперативі ауылшаркооперативінің мүшелері болып табылатын ауылшартауарендердірушілер туралы мәліметтерді көрсете отырып, субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді. Бұл ретте ауылшартауарендердірушілер субсидия алушылар болып табылады.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекері бар ауылшаркооперативі өз жер участекерін, сондай-ақ ауылшаркооперативі мүшелерінің жер участекерін ескере отырып субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді. Бұл ретте тиісінше ауылшаркооперативі және ауылшартауарендердірушілер субсидия алушылар болып табылады;

5) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауылшартауарендердірушіге (ауылшаркооперативіне) тиесілі жер участекерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталары субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелгенде.

#### **4-тaraу. Субсидияларды есептеу тәртібі**

16. Осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес әкімдік қаулысымен бекітілген нормалар шегінде есептеледі.

Элиталық тұқымдарды босату кезінде субсидия бірінші репродукция тұқымдарының нормалары және шекті бағалары ескеріле отырылып, есептеледі.

Элиталық тұқымдар мен бірінші репродукция тұқымдары құнының айырмашылығын ауылшартауарендердің (ауылшаркооперативі) төлейді.

Субсидия әрбір өтінім берілген дақыл бойынша мына формула мен есептеледі :

$$C = H \times A \times B;$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, бір килограмм үшін теңге;

H – әкімдік қаулысымен бекітілген норма, бір гектарға килограмм;

A – ауылшартауарендердегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының аланы, гектар;

B – босатылған тұқымның бағасы, бір килограмм үшін теңге.

Бұл ретте, есептеу үшін әкімдік қаулысымен бекітілген, босатылған бірінші репродукция тұқымдарының нақты бағасы не бірінші репродукция тұқымдарының шекті бағасы қолданылады.

Егер, босатылған тұқымдардың нақты бағасы шекті бағадан төмен болса, субсидияларды есептеу тұқым өткізудің нақты бағасымен жүргізіледі.

Егер, босатылған тұқымдардың нақты бағасы шекті бағадан жоғары болса, субсидияларды есептеу шекті бағамен жүргізіледі.

Элиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдары басқа облыстың ауылшартауарендердің (ауылшаркооперативіне) босатылған жағдайда субсидия ауылшартауарендердің (ауылшаркооперативінің) егіс аландары орналасқан аумақтағы Басқарма белгіленген, субсидияланатын тұқымдардың нормасы мен шекті бағалары бойынша есептеледі.

17. Осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мына формула бойынша есептеледі:

$$C = CH \times A \times (B \times K);$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, бір килограмм (дана) үшін теңге;

CH – себу нормасы (саны), бір гектарға килограмм (дана);

A – ауылшартауарендердегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының аланы, гектар;

B – бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын (мақта тұқымдарын, элиталық көшеттерді) сатып алу бағасы, бір килограмм (дана) үшін теңге.

Бұл ретте, есептеу үшін әкімдік қаулысымен бекітілген бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын (мақта тұқымдарын, элиталық көшеттерді) нақты сатып алу бағасы не бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының (мақта тұқымдарының, элиталық көшеттердің) шекті бағасы қолданылады.

Ауылшартауарендердің (ауылшаркооперативі) нақты бағасы шекті бағасынан төмен бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына (мақта тұқымдарына, элиталық

көшеттерге) өтінім берген жағдайда субсидияларды есептеу нақты бағасымен жүргізіледі.

Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) нақты бағасы шекті бағасынан жоғары бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына (мақта тұқымдарына, элиталық көшеттеріне) өтінім берген жағдайда субсидияларды есептеу шекті бағамен жүргізіледі.

Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын (мақта тұқымдарын, элиталық көшеттерді) басқа облыстан сатып алған жағдайда субсидиялар ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) егіс аландары орналасқан аумақтағы Басқарма белгіленген, субсидияланатын тұқымдардың шекті бағасы бойынша есептеледі.

К – 0,5-ге тең коэффициент (50 % субсидия мөлшерін ескере отырып).

18. Субсидияланатын тұқымдар құнында қосымша құн салығы есепке алынбай, буып-тую, таңбалашу бойынша шығыстар, республиканың тиісті өніріндегі межелі (босату) пунктіне дейінгі көлік шығыстары ескеріледі.

## 5-тaraу. Субсидияларды төлеу тәртібі

19. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесінің орналасқан орны бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

20. Тізілімнің (бұдан әрі – Жеке кабинет) деректеріне қол жеткізу үшін:

1) әліттұқымшарда, тұқымшарда, тұқым өткізушілерде, ауылшартауарөндірушілерде, ауылшаркооперативтерінде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма және Министрлік жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізуіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.

Министрлікке және мамандандырылған ұйымға субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімдік онлайн-режимде өтеусіз негізде беріледі.

21. Жеке кабинетте тіркелу үшін әліттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізушілер, ауылшартауарөндірушілер, ауылшаркооперативтері мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты және әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) занды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) (оның ішінде шетелдік занды тұлғанын), занды тұлғада БСН болмаған жағдайда, шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН-сы, толық атауы, бірінші басшының немесе Жеке кабинетте тіркеуге уәкілдеме адамның аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық поча операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде әлиттүқымшар, түқымшар, түқым өткізуши, ауылшартауарендіруші, ауылшаркооперативі бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертерді.

22. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 15-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы Қағидалардың 15-тармағы 4) және 5) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде әлиттүқымшар, түқымшар, түқым өткізуши, ауылшартауарендіруші, ауылшаркооперативі ЭЦК-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарауға өтінім (өтпелі өтінім) келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

23. Егер Басқармасы төлем тапсырмасын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкесіздігінің бар екені анықталса, әлиттүқымшар, түқымшар, түқым өткізуши, ауылшартауарендіруші, ауылшаркооперативі қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді (өтпелі өтінімді) қайтарып алуға құқылы.

24. Басқарма өтінімді (өтпелі өтінімді) тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦК-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Осы хабарлама субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетімен тіркелген жағдайда әлиттүқымшар, түқымшар, түқым өткізуши, ауылшартауарендіруші, ауылшаркооперативінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Бұл ретте өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама әлиттүқымшардың (түқымшардың, өткізушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Әлиттүқымшар (түқымшар, түқым өткізуши) осы Қағидалардың 15-тармағы 3) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген бірінші үрпақ будандарының түқымдары (мақта түқымдары, әлиталық көшеттер) бойынша мәліметтерді тізілімге енгізеді.

Әлиттүқымшардың (түқымшардың, өткізушінің) осы Қағидалардың 15-тармағы 3) тармақшасында бекітілген мерзімге дейін бірінші үрпақ

будандарының тұқымдары, мақта тұқымдарына және (немесе) элиталық көшеттерін нақты өткізгені бойынша мәліметтерді өтпелі өтінімге уақытында енгізбеген жағдайда өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімді жою туралы ескертпе қол жетімді болады.

25. Субсидия беруден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем тапсырмасын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растиғаннан кейін;

эліттұқымшар (тұқымшар, өткізуши) осы Қағидалардың 15-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары (мақта тұқымдары, элиталық көшеттер) бойынша мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін қалыптастырады.

Субсидия көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша субсидияларды төлеу келесі айда өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

27. Жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген бюджеттік қаражат толық игерілген және қосымша қаражат болмаған жағдайда өтінімдерді қабылдау тоқтатылады.

Тұқым шаруашылығының  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## облысы бойынша субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағалары

№	....*	.....*	Бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алудың шекті бағасы *	Мақта тұқымдарын алудың шекті бағасы * тенге/тонна *, тенге/тонна (егу бірлігі)
---	-------	--------	---	--

Ауданның (қаланың) атауы												
	бірінші репродукция тұқымдарының нормасы, килограмм/ гектар	бірінші репродукция тұқымдарының шекті бағасы * *, теңге/ тонна	бірінші репродукция тұқымдарының нормасы, килограмм/ гектар	бірінші репродукция тұқымдарының нормасы, килограмм/ гектар	...*	...*	...*	1 - репродукция	2 - репро.			

Ескертпе:

\* егіс алаңдарының болжамды құрылымына сәйкес барлық ауыл шаруашылығы дақылдары көрсетіледі.

\*\* субсидияланатын тұқымдардың шекті бағалары субсидияланатын тұқымдардың тиісті түрлерінің қалыптасқан нарықтық бағаларын растайтын құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Тұқым шаруашылығын  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
2-қосымша

## Элиталық тұқымдардың және бірінші репродукция тұқымдарының ұсынылатын нормалары

№	Дақыл	Элиталық тұқымдардың және бірінші репродукция тұқымдарының нормасы, килограмм/гектар *
1	Жаздық бидай	6,612
2	Күздік бидай	10,401
3	Арпа	9,618
4	Тары	1,830
5	Сұлы	4,676
6	Күздік қара бидай	10,148
7	Тритикале	5,567
8	Күріш	13,394
9	Қарақұмық	2,547
10	Дәнді-бұршактылар	18,067
11	Соя	1,314
12	Рапс	1,365
13	Мақсары	0,957
14	Зығыр	1,922
15	Күнбағыс	1,051
16	Қыша, өзге де майлы дақылдар	0,537
17	Картоп	830,619

18	Бір жылдық шөптер	10,117
19	Көп жылдық дәнді шөптер **	15,600
20	Көп жылдық бүршақты шөптер**	20,800

Ескертпе:

\* норманы есептеу кезінде сақтандыру қоры (30 %) ескерілген;

\*\* көп жылдық дәнді шөптерді өсірудің ең аз кезеңі 10 жыл, көп жылдық бүршақты шөптерді өсірудің ең аз кезеңі 5 жыл екендігін ескере отырып, жыл сайын көп жылдық дәнді шөптер үшін 1/10 бөлік (10 %) және көп жылдық бүршақты шөптер үшін 1/5 бөлік (20 %) мөлшерінде сорт жаңарту талап етіледі.

Тұқым шаруашылығының  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Алынған элиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдар турали үлгілік шарт 20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_

—

Бұдан әрі "АШТӨ" деп аталатын,

\_\_\_\_\_,  
атынан

(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы  
кооперативінің) атауы)

\_\_\_\_\_, бір тараптан, бұдан әрі "Мамандандырылған ұйым" деп  
аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645  
қаулысымен айқындалған мамандандырылған ұйым \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_, атынан \_\_\_\_\_, екінші  
(мамандандырылған ұйымның атауы)

тараптан,

бірлесіп "Тараптар" деп аталындар, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы (тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуши) босатқан бірінші репродукция тұқымдарының нормасы (бұдан әрі – норма) бойынша алынған элиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдары турали төмендегілер турали осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

### 1. Шарт нысанасы

1. Осы Шарттың талаптары бойынша АШТӨ элиталық тұқым өсіру шаруашылығынан, тұқым өсіру шаруашылығынан және (немесе) тұқым

өткізушіден норма бойынша әлиталық тұқымды және (немесе) бірінші репродукция тұқымын алғаны үшін қаражатты Мамандандырылған ұйымның арнайы ағымдағы шотына аударады.

## **2. Қаражатты аударудың мөлшері мен тәртібі**

2. Осы Шарт бойынша аударымдар сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге мөлшерінде белгіленді, бұл әлиталық тұқым өсіру шаруашылығы (тұқым өсіру шаруашылығы және тұқым өткізуші) мен АШТӨ арасындағы сатып алу-сату шартына сәйкес алынған әлиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдары құнының 30 %-ын құрайды.

3. Қаражат Мамандандырылған ұйымның арнайы ағымдағы шотына тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде аударылады.

Осы Шарттың 2-тармағында көзделген қаражатты тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейін аудармаған АШТӨ Мамандандырылған ұйым алдындағы мерзімі өткен міндеттемелерін өтеген сәтке дейін тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағдарламасына одан әрі қатысуға жіберілмейді.

Сақтандыру жағдайы туындаса, норма бойынша әлиталық тұқымдар және (немесе) бірінші репродукция тұқымдары құнының 30 %-ын қайтару мерзімі тұқым босатылатын жылдан кейінгі жылдың 1 желтоқсанына дейін созылады;

## **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. АШТӨ белгіленген соманы белгіленген мерзімде Мамандандырылған ұйымның арнайы ағымдағы шотына аударуға міндеттенеді.

5. Мамандандырылған ұйым АШТӨ аударған қаражатты одан әрі тұқым шаруашылығын дамыту үшін шоғырландыруға міндеттенеді.

6. Мамандандырылған ұйым:

1) АШТӨ-ден Шарт бойынша тиісті міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

2) АШТӨ-ден осы Шартты іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен АШТӨ-ден берешегін өндіріп алуды жүзеге асыруға құқылы.

## **4. Тараптардың жауапкершілігі**

7. Осы Шарттағы әрбір Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарттан туындастын міндеттемелерін орындағаны және (немесе) тиісінше орындағаны үшін жауапты болады.

## **5. Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі**

8. Шарт талаптарына өзгерістер енгізуге ол жөніндегі жазбаша келісімге осы Шарттың Тараптары қол қою жолымен ғана жол беріледі.

## **6. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі**

9. Қаражатты беру бойынша туындаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

## **7. Қорытынды ережелер**

10. Осы Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін екі данада жасалды, оған Тараптар қол қойған күннен бастап қүшіне енеді және "\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ жылға дейін қолданыста болады.

## **8. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары**

Ауылшаруашылығы тауар өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) Мамандандырылған ұйым

Облыс (респубикалық маңызы бар қала, аудан және облыстық маңызы бар қала)

Облыс (респубикалық маңызы бар қала, аудан және облыстық маңызы бар қала)

Көше

Көше

Телефон

Телефон

БСН\*

БСН\*

ЖСН\*

ЖСН\*

БСК\*

ЖСК\*

Кбe\*

мөр қоюға арналған орын  
(бар болса)

арналған орын мөр қоюға арналған орын

Ескертпе:

\* abbreviaturalardың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғанын), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

Кбе – бенефициар коды.

Тұқым шаруашылығын  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Норма бойынша нақты босатылған элиталық тұқымдарға және (немесе)  
бірінші репродукция тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_ облысының \_\_\_\_\_,  
(ауданның (республикалық және

\_\_\_\_\_ облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдының толық атауы  
)

Кімнен: \_\_\_\_\_  
(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, есімі, әкесінің есімі  
(бар болған жағдайда), мекенжайы, телефон (факс) нөмірі)  
\_\_\_\_\_ тонна көлемінде босатылған элиталық  
тұқымдарға және (немесе) бірінші репродукция тұқымдарына,  
\_\_\_\_\_ теңге (осы өтінімге  
қосымшада

(сомасы цифрлармен және жазбаша)  
толық жазу) мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

Екінші деңгейдегі банкте немесе ұлттық почтаның операторындағы ағымдағы  
шот мәліметтері\*:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Банктің немесе почта операторының деректемелері \_\_\_\_\_

Банктің немесе почта операторының атауы \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

ЖСК \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Ескертпе:

\* аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның), занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

Кбе – бенефициар коды.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауға, өндегуге, сактауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Отініш беруші 20 \_\_ жылғы " \_\_ " сағат 00:00 қол қойды және жіберді

:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Отінімді қабылдау туралы хабарлама:

Басқармасы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " сағат 00:00 қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Отінімге қосымша

P/ с №	Облыстың атаяуы	Ауданның атаяуы	Тұқым босатылған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) атаяуы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) орналасқан жері (занды мекенжайы)	А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) ЖСН/БСН*	Дақылдың атаяуы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Сорттың атаяуы	Репродукциясы	Элиталық тұқым өсірү шаруашылығы (тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуі) мен ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) арасындағы сатып	Босатылған тұқымдарға жұмсалған шығындарды (өтінім беру сәтіне) растайтын тұқымдарды босату туралы жүккүжат (акт) мәліметтері	Тұқымдардың сорттық және егіс сапаларын растайтын
----------------	---------------	---	---	---

алу-сату шарттарының мәліметтері				құжат туралы мәліметтер			
шарттың нөмірі	шарттың жасалған күні	тауарлық-көліктік жүккүжаттың нөмірі (шетелдік өндірістің тұқымдары үшін)	қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі ( отандық өндіріс тұқымдары үшін)	нөмірі	берілген күні	кім берді	
8	9	10	11	12	13	14	
						15	16

### кестенің жалғасы

Ж е р учаскесінің кадастрылық нөмірі	Танаптың кадастрылық нөмірі	Танаптың алаңы, гектар	Элиталық тұқымдардың және бірінші репродукция тұқымдарының нормасы, тонна	Тұқымдардың нақты көлемі, тонна (19- баган x 20- баган)	1 тонна нақты багасы, тенге	Бірінші репродукция тұқымдарының шекті бағасы, тенге/тонна	Тиесілі субсидияның сомасы, тенге (21- баған x 23- баған)
17	18	19	20	21	22	23	24

Ескертпе:

\* абрревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның),  
заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік  
заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Тұқым шаруашылығын  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Элиталық тұқым өсіру шаруашылығынан (тұқым өсіру шаруашылығынан  
, тұқым өткізушілерден) толық құны бойынша нақты сатып алынған  
бірінші үрпақ будандарының тұқымдары (мақтаның бірінші немесе  
екінші репродукция тұқымдары, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің  
элиталық көштегері) үшін субсидиялар алуға өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_ облысының \_\_\_\_\_

— (ауданның (республикалық және

облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдың толық атауы

)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, есімі, әкесінің есімі  
(бар болған жағдайда), мекенжайы, телефон (факс) нөмірі)

Сатып алғанған, егіс жұмыстарын жүргізуге (бақ (жүзімдік) отырғызуға) пайдаланылған мынадай бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдары, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттері) (керегінің астын сызу керек) үшін:

\_\_\_\_\_ тонна (дана) көлеміндегі \_\_\_\_\_ үшін  
(дақыл, будан/сорт)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде;  
(сомасы цифрлармен және жазбаша)

\_\_\_\_\_ тонна (дана) көлеміндегі \_\_\_\_\_ үшін  
(дақыл, будан/сорт)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде;  
(сомасы цифрлармен және жазбаша)

\_\_\_\_\_ тонна (дана) көлеміндегі \_\_\_\_\_ үшін  
(дақыл, будан/сорт)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде  
субсидия төлеуді

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

сұраймын.

1. Екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық пошта операторындағы ағымдағы шот мәліметтері:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Банктің және пошта операторының деректемелері \_\_\_\_\_

Банктің және пошта операторының атауы \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

ЖСК \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) мен элиталық тұқым өсіру шаруашылығы (тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуши) арасындағы сатып алу-сату шартының мәліметтері:

БСН немесе ЖСН \_\_\_\_\_

шарт нөмірі \_\_\_\_\_

шарттың жасалған күні \_\_\_\_\_  
бағасы, теңге \_\_\_\_\_

элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының, тұқым өткізушінің) атавы және БСН \_\_\_\_\_

элиталық тұқым өсіру шаруашылығы (тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші) орналасқан жердің мекенжайы \_\_\_\_\_

дақыл атавы \_\_\_\_\_

тұқым көлемі, тонна (дана) \_\_\_\_\_

төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

межелі (босату) пункті \_\_\_\_\_

3. Бірінші үрпақ будандарының тұқымдарын (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін) сатып алуға жұмсалған шығындарды (өтінім берген сэтте) растайтын төлем құжаттарының, шот-фактуралардың және бірінші үрпақ будандарының тұқымдарын (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін) жеткізу туралы жүккүжаттың (актінің) мәліметтері:

төлем құжатының номірі \_\_\_\_\_

төлем құжатының берілген күні \_\_\_\_\_

шот-фактура номірі \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

тауарлық-көліктік жүккүжаттың номірі (шетелдік өндіріс тұқымдары (көшеттері) үшін) \_\_\_\_\_

қабылдау-тапсыру актісінің номірі (отандық өндіріс тұқымдары(көшеттері) үшін) \_\_\_\_\_

4. Тауарларға арналған кедендік декларацияның (бірінші үрпақ будандарының тұқымдарын (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарын немесе жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін) Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден сатып алған жағдайда) мәліметтері:

декларацияның номірі \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

дақылдың атавы \_\_\_\_\_

көлемі, тонна (дана) \_\_\_\_\_

бағасы, теңге \_\_\_\_\_

өткізу құны, барлығы \_\_\_\_\_

шетелдік тұқымдарды (көшеттерді) өндірушінің атавы \_\_\_\_\_

шетелдік тұқымдарды (көшеттерді) өндірушінің орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

5. Бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарының немесе жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің) Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен әкелінгенін растайтын, мемлекеттік кірістер органы берген құжаттың мәліметтері:

құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

шетелдік тұқымдарды (көшеттерді) өндірушінің атауы \_\_\_\_\_

шетелдік тұқымдарды (көшеттерді) өндірушінің орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

6. Бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарының, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің) сорттық және егістік сапасын растайтын құжат туралы мәліметтер:

құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

кім берді \_\_\_\_\_

7. Тауардың (бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын (мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін) Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден сатып алған жағдайда) шығу тегі туралы сертификаттың немесе тауардың шығу тегі туралы декларацияның мәліметтері:

нөмірі мен берілген күні \_\_\_\_\_

тауардың атауы \_\_\_\_\_

экспорттаушы/жүк жөнелтуші \_\_\_\_\_

импорттаушы/жүк алушы \_\_\_\_\_

8. Тиесілі субсидиялар есептемесі:

№	Дақыл атауы	Жер участкенің кадастрылық нөмірі	Танаптың кадастрылық нөмірі	Танаптың алаңы, гектар
1	2	3	4	5
1				
2				

кестенің жалғасы

Себу нормасы (мөлшері), тонна (дана)/гектар	Тұқымдардың (көшеттердің) нақты көлемі, тонна (5-баған x 6 -баған)	1 тонна (дана) тұқымның (көшеттің) бағасы, теңге	Тұқымдардың (көшеттердің) шекті бағасы, теңге/тонна	Тиесілі субсидия сомасы, теңге (7-баған x 9-баған x 0,5)
6	7	8	9	10

Ескертпе:

\* абревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның), занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

Кбе – бенефициар коды.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауға, өндеге, сактауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Отініш беруші 20 \_\_ жылғы " \_\_ " сағат 00:00 қол қойды және жіберді

:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Отінімді қабылдау туралы хабарлама:

Басқармасы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " сағат 00:00 қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Тұқым шаруашылығын  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына

6-қосымша

Нысан

Элиталық тұқым өсіру шаруашылығынан (тұқым өсіру шаруашылығынан, тұқым өткізушіден) бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын, мақтаның бірінші, екінші репродукция тұқымдарын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін арзандатылған күнмен сатып алу кезінде тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім

Кімге: \_\_\_\_\_ облысының \_\_\_\_\_

— (ауданның (республикалық және

— облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының толық атауы

)

Кімнен: \_\_\_\_\_

—

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, есімі, әкесінің есімі  
(бар болған жағдайда), мекенжайы, телефон (факс) нөмірі)  
Осымен, мен \_\_\_\_\_

— (элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының,  
\_\_\_\_\_

тұқым өткізушиңің атауы))

арзандатылған құнмен

\_\_\_\_\_ тонна (дана) көлемінде \_\_\_\_\_,  
(дақыл, сорт)

\_\_\_\_\_ тонна, дана көлемінде \_\_\_\_\_,  
(дақыл, сорт)

\_\_\_\_\_ тонна, дана көлемінде \_\_\_\_\_,  
(дақыл, сорт)

бірінші үрпақ будандарының тұқымдарын (мақтаның бірінші, екінші  
репродукция

тұқымдарын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін) (  
керегінің

астын сыйзу керек) сатып алу-сату шартын жасасқанымды мәлімдеймін және  
\_\_\_\_\_

(элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының,  
\_\_\_\_\_

тұқым өткізушиңің атауы))

накты өткізілген бірінші үрпақ будандарының тұқымдары (мақтаның бірінші,  
екінші

репродукция тұқымдары, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық  
көшеттері)

бойынша мәліметтерді субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық  
тізіліміне

енгізгеннен кейін маған тиесілі

\_\_\_\_\_ теңге мөлшеріндегі (осы өтінімге  
қосымшада

(сома санмен және жазбаша)

толық жазу) субсидияны \_\_\_\_\_

— (элиталық тұқым өсіру шаруашылығының

---

(тұқым өсіру шаруашылығының, тұқым өткізушінің атауы))

элиталық тұқым өсіру шаруашылығына (тұқым өсіру шаруашылығына,  
тұқым

өткізушиге) аударуды сұраймын.

Элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының,  
тұқым

өткізушінің) екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шоты туралы мәліметтер:

Банктің атауы\*

БСК

ЖСК

БСН

Кбе

Ескертпе:

\* аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның),  
занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік  
занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Кбе – бенефициар коды.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер  
ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес  
жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын  
мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты  
жинауға, өндегуге, сактауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00 қол қойды және жіберді

:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Басқармасы 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00 қабылдады:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімге қосымша

**Тиесілі субсидиялар есептемесі:**



P/ с №	Элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының , тұқым өткізушінің) атауы	Элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының , тұқым өткізушінің) орналасқан жері ( занды мекенжайы)	Элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (тұқым өсіру шаруашылығының , тұқым өткізушінің) ЖСН /БСН*	Дақылдың атауы	Сорттың атауы	Репродукциясы	Элиталық тұқ өсіру шаруашылығы тұқым өсір шаруашылығы тұқым өткізу мен ауыл шаруашылығы тауарын өндіру (ауыл шаруашылығы кооперативі) арасындағы сал алу-сату шарттының мәліметтері	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								

### кестенің жалғасы

төлем күжатының нөмірі	төлем күжатының берілген күні	жазып берілген күні	шот-фактура нөмірі	тауарлық-көліктік жүккүжаттың нөмірі (шетелдік өндірістің тұқымдары үшін)	қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі ( отандық өндірістің тұқымдары үшін)	нөмірі	берілген күні	кім берді
10	11	12	13	14	15	16	17	18

### кестенің жалғасы

Ж е р учаскесінің	Себу нормасы ( (көшеттердің) мөшпері), тонна ( тонна (дана)	Тұқымдардың (көшеттің) нақты көлемі, тонна ( тонна (дана)	1 тонна ( (дана) тұқымның ( Тұқымдардың көшеттің) (көшеттердің)	Тиесілі субсидияның
----------------------	--	--	---	------------------------

кадастрық нөмірі**	Танаптың кадастрық нөмірі	Танаптың алаңы, гектар	дана)/ гектар	(21-баған x 22 -баған)	накты бағасы, теңге	шекті бағасы, теңге/тонна ( дана)	сомасы, теңге (23-баған x 25 -баған x 0,5)
19	20	21	22	23	24	25	26

Ескертпе:

\* абревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның), занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

\*\* жер участкері жоқ ауыл шаруашылығы кооперативі өтінім берген жағдайда, өтінім түқым сатып алынатын ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК